

**Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан
Республикасының
Президенті**



**Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде:
БОЛАШАҚҚА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СЕКІРІС**

қалыптасуымен қоса қабат жүретін болады.

Дағдарыс алдындағы өлемнің үшінші тренді – экономикада энергия үнемдеуге көшу.

Бүгінде неғұрлым дамыған елдер **қауіпсіз, таза және сарқылмайтын дамуға көшу** міндетін қойып отыр.

Америка Президенті **Барак Обама** айтқандай, **«XXI ғасырда таза энергия өндіруде өлемдік көшбасшылыққа жеткен ел, XXI ғасырдағы жаһандық экономикада да көшбасшы болады»**. Бұл айтылғанмен келіспеу қиын.

Бұл орайда **балама, төмен көміртекті энергетика** перспективалы бағыт болып табылады. Бүгінде өлемде **көмірқышқыл газын** отынға және мұнай-химия өнімдеріне айналдыру жөніндегі жобалар белсенді талдануда. Таяу уақыттарда шығарындылары нөлге тең электр стансаларының пайда болатынына сенімім мол.

«Сутегі энергетикасын» дамытуда да зерттеулер жүргізілуде. **Оңтүстік Корея** қазірдің өзінде **«Сутегі экономикасына»** көшу жоспарын жүзеге асыруда және 2040 жылға қарай ЖӨ-нің 8 пайыз өнімін сутегінен өндіруді жоспарлап отыр. **Үндістанда, АҚШ пен ОАР-да** да белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Күн, жел, геотермалды, гидроэнергия және биомасса сияқты **энергияның қайта қалпына келетін көздері** отынның дәстүрлі түрлеріне қатысты барған сайын құнды бәсекелестік қабілетке ие болуда.

Бірақ, сонымен бірге, **көмірсутегі энергия тұтынудың жалпы құрылымында әлі де жетекші рөл атқара беретін болады**. Сондықтан өлем өндіріске инновациялық технологиялар енгізуде, мұнай мен газ өндіру мен пайдаланудың экологиялық зардаптарын қысқартуда неғұрлым белсенді іс-қимылдар күтіп отыр.

Осы технологиялардың бәрі әрбір жеке адам үшін нені білдіреді?

Ең алдымен, біз көп ұзамай **энергия үнемдейтін өмір салтына** көшетін боламыз. Біз болсақ, елде әлі электр энергиясын, жылуды, суды және басқаларды шындап үнемдеуге әлі көшкен де жоқпыз. Мұны таяу уақыттарда жүзеге асыруға тура келеді.

Энергияның арзан көздері келмеске кетуде. Болашақта күн батареялары, энергия үнемдейтін шамдар, сутегі отынымен жүретін автомобильдер, электромобильдер пайдаланылатын болады. Сондықтан компаниялар мен кәсіпорындардың барлық басшылары, елдің барлық азаматтары осы ағымды ескеріп, энергияны қалай сақтауға болатындығы жөнінде ойланулары керек.

Энергия үнемдеудің өсуі өлемдік экономикада энергия сыйымдылығының төмендеуіне, ал оның соңы оның дамуы мен тұрақтылығына апаратын болады.

Дағдарыс алдындағы өлемнің төртінші үрдісі – экономикадағы мемлекеттің рөлі мен маңызының артуы.

Қазіргі дағдарыс көптеген адамдарды экономикадағы мемлекеттің рөлі туралы ойлануға мәжбүрледі.

Францияның бұрынғы премьер-министрі Лионел Жоспен енгізген **«химиялық таза капитализм»** термині балағат сөзге айналды.

Кейінстің беделі өсіп шықты, экономистер оның **«Жалпы теориясының»** ескі даналарын сөреден қайтадан алуда. **Карл Маркс** қайтадан оқылуда. Тіпті ықпалды «Ньюсуик» апталығының өзі **«біздің бәріміз де енді социалистерміз»** дегенді өз беттерінде жазып жатыр.

Еш жерде және ешқашанда мемлекеттің шешуші түрде араласуынсыз модернизацияның болмағандығын тарих та растап отыр. Дағдарыс оны тағы да дәлелдеді.

Нарық экономикасы, меншікті қорғау және шағын бизнесті дамыту біздің экономикамыздың негізі болып қала береді.

Бірақ дағдарыс қарсаңындағы кезеңде **мемлекеттің рөлі** өнеркәсіптен бастап әлеуметтік салаға дейінгі **салалардың бәрінде де күшейетін болады**.

Сол арқылы **мемлекеттік басқарудың сапасына** және мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын адамдарға қатысты **талаптар өсе түседі**.

Неғұрлым кеңірек мағынада алғанда бұл, яғни бүтіндей алғанда **адами капиталдың сапасына талапты күшейту – дағдарыс алдындағы өлем дамуының бесінші тренді**.

Адами капиталға айтарлықтай инвестициялар салмайынша ешқандай экономика табысты дами алмайды. 1943 жылдың өзінде-ақ **«ақыл империясы болашақ империясы болмақ»** деген болатын Уинстон Черчилль.

Оңтүстік-Шығыс Азия тәжірибесі көрсетіп отырғандай, адами капиталды дамыту саласындағы кейін қалушылықты қысқа мерзімде жоюға болады. Бүгінде бәсекеге ең қабілетті деген өлемнің **25** ақпараттық компанияларының **14-і** Азияда орналасқан.

Бүгінде жоғары бәсекелестік басымдықтары жоқ елдер таяу болашақта ғылыми зерттеулер, инновациялық және жоғары технологиялар рыногында табысты бәсекелестікке түсе алмайды.